23272216766

# Ш Е Ш І М
# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН

2025 жылғы 14 қараша №1912-25-00-2/2487 Қонаев қаласы
Алматы облысы

Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Б.А.Қожахметов,
сот отырысының хатшысы Д.Даниярқызын ала отырып,
ашық сот отырысында қойылған талаптар бойынша азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
«Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

**ЖАУАПКЕР:**
Жеке кәсіпкер «Zool.Ya» атынан әрекет ететін Смагулова Зульфия Талгатовна

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану

**СОТ ОТЫРЫСЫНА ҚАТЫСУШЫЛАР:**
талап қоюшының өкілі Байдюсенова А.М.
жауапкердің өкілдері Сулейменов Д.Т., Бидильдинов М.

**СИПАТТАУ БӨЛІГІ:**

2025 жылғы 14 мамырда «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын, тапсырыс беруші) мен жеке кәсіпкер «Zool.Ya» атынан әрекет ететін Смагулова Зульфия Талгатовна (бұдан әрі – Кәсіпкер, өнім беруші)

арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №25/362 шарт (әрі қарай – Шарт) жасалынған.

Шарт бойынша орындау мерзімі - шарт жасалған сәттен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде деп берілген.

Шарттың жалпы сомасы 7 985 255 тенгені құрайды.

Алайда, Кәсіпкер өзіне алған міндеттемені тиісті түрде орындамаған, тауарларды толықтай жеткізбеген. Жеткізілген тауардың жалпы сомасы 6 712 035 теңгені құрады, бұл жәйт іс құжаттарымен расталады.

Шарт 2025 жылғы 03 қыркүйекте бір жақты Тапсырыс берушімен бұзылған.

Кәсіпорын жоғарыда аталған талап қоюмен сотқа жүгініп, арызда Өнім беруші Шарт бойынша алған міндеттемені тиісті түрде толығымен орындамағаны үшін, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкер пікірінде Шарттың №1 қосымшасында көзделген 52 тауар позициясының ішінен іс жүзінде 49 позиция бойынша тауар жеткізілгенін көрсеткен. Қалған 3 тауар позициясы зауыттарда болмауына байланысты жеткізілмеген, бұл туралы жауапкер талапкерді жазбаша түрде хабардар еткенін алға тартып талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сот отырысына талап қоюшының өкілі талап қоюды толығымен қолдап, оны қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілдері сот отырысында талап қоюмен келіспейтінін білдіріп, оны қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

## **УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:**

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі- АК) 272-ші бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Сондай-ақ, АК-тің 277-ші бабының 1-ші бөлігіне сай, егер міндеттемеде ол орындалатын күні немесе ол орындалуға тиісті уақыт кезеңі көзделсе немесе анықтауға мүмкіндік берсе, міндеттеме сол күні немесе тиісінше сол кезең ішінде кез келген уақытта орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 8 бабы 4 тармағы 4) тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Іс құжаттарына сәйкес, жеке кәсіпкер «Zool.Ya» Кәсіпорынмен Шарт жасасып, 2025 жылғы 14 шілдеге дейін Тапсырыс берушіге тауар жеткізуге міндеттелген.

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 14.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 15.12.2025, судья Кожахметов Б. А., 22.12.2025
1912-25-3-1/2783

Алайда, жауапкер Шарт бойынша өзіне алған міндеттемені тиісті түрде орындамаған, тауар толық көлемде жеткізілмеген. Шарттың №1 қосымшасында көзделген 52 тауар позициясының ішінен іс жүзінде 49 позиция бойынша тауар жеткізілген, оның құны 6 712 035 теңгені құрады. Қалған 3 тауар позициясы жеткізілмеген, оның құны 1 273 220 теңгені құрайды.

Заңның 8 бабы 4 тармағының талаптары бойынша, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілерді тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы тарапынан жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы ретінде тану туралы талап қоюын Заңның талабына сәйкес Шарт бұзылған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей берілген.

Жауапкердің өкілінің Шарттың №1 қосымшасында көзделген 3 позиция бойынша тауарлардың нарықта болмауына байланысты оларды жеткізе алмағандығы туралы уәжі Өнім берушіні жауаптылықтан босатпайды, Шарт бойынша алған міндеттеме онымен толықтай орындалмаған, яғни Тапсырыс беруші шарт жасасу кезінде үміт артуға құқылы болғанынан едәуір дәрежеде айрылып қалаған, бұл шарттың едәуір дәрежеде бұзылуы деп танылады.

Істің мұндай тұрғысында, сот дәлелдемелердің жиынтығын бағалай келе, талап қоюшының уәжімен келісіп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талабын заңды және негізді деп табады, сондықтан қанағаттандыруға жатады.

## ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын талаптарын басшылыққа алып, сот

## ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Президенті Іс басқармасының «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мен Үкіметінің әкімшілік ғимараттары дирекциясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер Zool.Ya» атынан әрекет ететін Зульфия Талгатовна Смагуловаға қатысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 14.11.2025
Заңды күшіне енген күні: 15.12.2025, судья Кожахметов Б. А., 22.12.2025
1912-25-3-1/2783

Жеке кәсіпкер Zool.Ya» атынан әрекет ететін Смагулова Зульфия Талгатовна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Zool.Ya» атынан әрекет ететін Зульфия Талгатовна Смагуловадан мемлекет пайдасына 1966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403, 404 баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына Алматы облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

**Судья** **Қожахметов Б.А.**

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 14.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.12.2025, судья Кожахметов Б. А., 22.12.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
- Судопроизводство -

Құжатқа қол қойылған: Кожахметов Б. А., 14.11.2025

Заңды күшіне енген күні: 15.12.2025, судья Кожахметов Б. А., 22.12.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»